

ходят и широко распространяются работы по описанию религиозных сект, справочники. Например, лекции и статьи М. Атаманова, А. Кураева, В.М.Чернышева, поднимающие разнообразные темы, связанные с НРД.

Существуют работы, посвященные отдельным религиозным движениям, например, «Вайшнальская традиция в России: История и современное состояние», написанная С.И. Иваненко; исследования церкви Сайентологии Л.А. Филипповича; церкви Последнего Завета Л.И. Григорьевой, И.Я. Кантерова.

Итак, мы видим, что опыт российских ученых в области изучения новых религиозных движений дает широкое поле для исследования данной проблемы у нас в стране. Нужно отметить, что в центре внимания исследований, оказываются такие темы, как особенности религиозных практик, причины вступления в НРД, социально-демографический состав, межконфессиональные отношения, эзотерические и антикультовые движения. Однако в недостаточной мере разработаны особенности социальных установок членов определенных НРД, их мотивации и ценностные ориентации. На наш взгляд, внимание к этим вопросам позволит лучше понять сущность и роль тех или иных религиозных практик.

Следует не допускать в исследовательской традиции односторонности подходов к изучению НРД и с осторожностью использовать различные методы при их изучении.

Литература:

1. Мчедлов М.П. Религия в самосознании народа (религиозный фактор в идентификационных процессах) // М.: Институт социологии РАН, 2008
2. Астахова А.С. «Новые религиозные движения в трансформирующемся российском обществе: социальные процессы интеграции и изоляции» // автореф. канд. соц. наук. – 2011
3. Стецкевич М. Мифы о «тоталитарных сектах» и «ваххабитах» в современной России: попытка анализа // Смыслы мифа: мифология в истории и культуре. – СПб, 2011

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІЛЕРІ

Қалдыбекова А.

Астана қ., Қазақстан

Зайырлы мемлекет дегеніміз діни емес, азаматтық тұрғыдан реттелетін мемлекет түрі. Зайырлы мемлекетте заң діни принциптерге толықтай немесе жартылай келісуі мүмкін; «зайырлылық» дін ұстанымдарына қарсы емес, керісінше бостандығын жақтайды.

Мұсылман мемлекеттерінің көпшілігі зайырлы мемлекеттің критерилеріне сәйкес келмейді. Мысалы, Иран Ислам Республикасы және Сауд Арабиясы теократиялық мемлекеттер, мұсылман мемлекеттерінің көпшілігінің атазаңында, заң Құран және шарифатқа негізделген. Малайзия зайырлылықтан шамалы алыстау. Зайырлы мұсылман мемлекеттерінің қатарына Түркия және ТМД елдері жатады. Сонымен қоса, мемлекеттік дінмен қатар өздерін зайырлы мемлекет екендігін жариялайтын мемлекеттер де бар. Мысалы, Англия, Дания, Египет, Тунис, Бангладеш т.б. Дін мемлекеттен толықтай бөлінбеуі Израильде байқалады.

Қазір зайырлылық принциптерінің орындалуы басты назарда, мемлекеттің дін догмаларынан бөлінуі, бірақ діннің қоғамнан ажыратылуы емес.

Әлеуметтік ғылымда екі түрлі критерий бойынша мемлекетті зайырлы не болмаса зайырлы емес деп бөлуге болады:

- 1) мелекетпен діни ұйымдардың әріптестігі;
- 2) мемлекеттің құқықтық жүйесіне дін ықпалының деңгейі.

Берілген критерилер зайырлы мемлекеттердің 4 типін анықтауға мүмкіндік береді: преференциалды, эквипотенциалды (мемлекет діни ұйымдардың мемлекет өмірінен барынша алыстатуға тырысады), контаминациялы, идентификациалды (мемлекетпен діни ұйымдардың әріптестігі).

Зайырлы мемлекеттердің әртүрлі болуы қоғам дамуының қорытындысы. Зайырлы мемлекеттердің белгілі түрінің қалыптасуына мемлекеттің тарихи, саяси, мәдени басқада ерекшеліктері себеп болады [1].

Білім беру — тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүше лерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты [2].

Діни білім немесе дін туралы білім көптеген Батыс және Шығыс елдерінде бұрыннан мемлекеттік білім жүйесінің міндетті компоненті болып келеді. Себебі, дін әрқашанда әр қоғамның, мемлекеттің, адамның өмірінде дүниеге көзқарасы, сенімдер жүйесі ретінде маңызды орын алып келеді және солай бола бермек. Сонымен қатар дін қоғамдық феномен болғандықтан оның зерттелуі, жалпы халық, мемлекет тұтастығы үшін өзектілігі жойылмайды.

Діни білім өткен ғасырларда басты білім бұлағы болды, осы білім негізінен көптеген ұлы ойшылдар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері нәр алған. Діни білімнің адам өмірінде, қоғам өмірінде алатын орны өте зор [3].

Әлемдік тәжірибеде діни және зайырлы білім берудің әртүрлі арақатынасы бар. Зайырлы демократиялық мемлекеттердің барлығының жоғарғы оқу орындарында діни білім беруге рұқсат етілмейді деп айтуға болмайды [4].

Ресми деректерге қарағанда діни білім шамамен әлемнің 140 елдерінде жүргізіледі. ЮНЕСКО-ның Халықаралық білім беру бюросының жүргізген зерттеуі мен талдауына сүйенсек, әлемнің 73 елінде діни білім аптасына кем дегенде бір рет жүретін міндетті пән болып табылады [3].

Әр мемлекет өз діни және білім беру саясатына, діни және мәдени тарихына байланысты діни ұйымдардың білім беру қызметін анықтайды. Діни мәдениеті жоғары мемлекеттерде діни білім беру жалпы оқыту жүйесінен бөлек болуы мүмкін емес.

Италия мен Ватиканның конкордатына сәйкес католиктік білім беру тарихи мұраның бір бөлшегі болып табылады. Норвегияның Конституциясына сәйкес барлық азаматтар өз балаларын ресми дінге тәрбиелеуі тиіс. Израильдің білім беру заңнамасында діни және діни емес мектептерде иудей мәдениетінің құндылықтарын оқыту туралы ереже бар. Англияның оқыту программасында жалпы білім беру мектептерде негізгі христиан діни мәдениетін оқытуы керек. Бұл тізімді ары қарай Германия, Австрия, Ирландия, Италия, Португалия, Египет сияқты мемлекеттермен жалғастыруға болады.

Қазіргі заманда жалпы білім беру жүйесінде діни компоненттердің кездесуіне сәйкес заманауи негігі төрт үлгі бар:

Діни білім мемлекеттік және жекеменшік мектептерге тікелей қатысады;

Діни білім мемлекеттік және жекеменшік мектептерде оқытуға рұқсат етілген;

Діни білім тек жекеменшік мектептерде ғана оқытылады;

Діни білім мемлекеттік метептермен қоса жекеменшік мектептерде де тыйым салынған.

Халықаралық азаматтық және саяси құқық туралы пактінің 18 бабына сәйкес (1966 ж.) БҰҰ адам құқығы жөніндегі Комитеті (1993 ж.) діннің жалпы тарихы мен этикасы туралы пәндердің мемлекеттік мектептерде оқытылуына рұқсат және ол объективті түрде болуы керек екендігін қабылдады.

Конфессияналдық таңдауына байланысты діни білім беру практикасы Еуропа елдерінде байқалады. Германия, Испания, Польша, Бельгия, Ұлыбритания, Италия және басқада мемлекеттерде діни білім беру мемлекеттің саясатында жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлшегі болып табылады. Ерекше сепарациялық үлгідегі Францияның өзінде діни білім беру жүйесіне қайта оралуда. Оның басты себебі, деструктивті ұйымдардың көптеп таралуы, сол үшін басты христиан шіркеуінің құндылықтарын қайта жаңғыртып жатыр. Сонымен қатар Францияда діни жіне зайырлы білім беретін католиктік мектептердің көпшілігін мемлекет қаржыландыратынын айтып өту қажет. Сондықтан Франциядағы жағдай Ресейдегідей аса ауыр емес. Себебі, Ресейде Православ Шіркеуі әрі толық кеңес кезеңінің шайқалуынан оңала алмай жүр.

Еуропа елдерінде мына білім беру үлгілері тән:

Мектеп бағдарламасында діни, сонымен қоса, мәдени қалыптағы діни сабақтар оқытылады. Бұд жерде дінтану емес, нақты бір дінді қамтитын сабақ екенін айта кету қажет. Яғни бұл дегеніміз, дінтану тек ақпараттандыру курсы болса, діни білім тәрбиелейтін курс дегенді білдіреді.

Діни сабақпен қатар оқушы зайырлы этиканы оқытатын пәнді де таңдауға құқығы бар. Осылайша, оқушы мен ата-анасы діни пәнмен қатар зайырлы этиканың ережелері мен моральдық тәртіпті үйренеді.

Діни сабақтар басқа міндетті пәндер қатарына жатады, бірақ оқушы және ата-анасы өзі ұстанатын дін туралы сабақты немесе зайырлы этиканы таңдай алады. Бұл тәжірибе Еуропаның бірнеше елдерінде орын алған. Мысалы, Испанияда және бірқатар елдерде консенсустық мәртебеге ие болған діни ұйымдар мемлекетпен білім беру жүйесінде келісім жасаса, басқа да мемлекеттерде басқаша, мысалы, Польшада сыныпта дінді ұстанушылар көпшілігінің санына байланысты сол дін туралы сабақ оқытылады.

Еуропадағы зайырлы мемлекеттердегі діни білім берудің осындай түрлері білім беру жүйесіндегі адам бостандықтары мен құқығын қорғайтын және азаматтың толық білім алуына, сонымен қатар баланың отбасындағы діни және этикалық құндылықтарын сақтайтын халықаралық құқық ережесіне сай келеді және соған сай орындайды. Адам құқықтары туралы жалпы декларацияның 26 бабында «балаға толық білім берілу керек, ол яғни, баланың ақыл-есін, физикалық қабілетін, дарынын, тұлғалылығын қалыптастыру «ата-анасын сыйлауға, мәдени құндылықтарына, тіліне, бала өмір сүріп жатқан мемлекеттің ұлттық мұрасына, туып өскен еліне және өркениетіне деген құрметті үйрету» және Халықаралық балалар құқығы конвенциясының 29 бабында «толық адами құндылықтарды және адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге үйрету...». Діни білімсіз ешқандай білім толық бола алмайды, сондай-ақ отбасы және отанының мәдени құндылықтарына деген тәрбие бере алмайды.

Зайырлы мектепте діни білім беру құқық қорғауда демократиялық үлгі және еуропалық тәжірибе зайырлы мемлекеттердің мектептерінде зайырлы этика немесе белгілі бір дінді оқуға құқығының болуы зайырлы құқықтық мемлекеттің демократиялық элементі [4].

Діни білім беру әлеуметтік институт ретінде дамып келе жатыр. Бұл тенденция тек Түркияға ғана емес бүкіл әлемге тән. Түркияның білім беру жүйесі 1923 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін қалыптаса бастады. Революцияға дейін көптеген білім ордалары қалаларда діни институттарын құрды. 1923 жылғы оқиға тек саяси емес, сонымен қоса әлеуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістерді алып келді.

Тәуелсіздігінен кейін барлық оқу орындары мемлекет қарауына өтіп, білім беру зайырлы қалыпқа енді. 1927 жылмен 1949 жылдар арлығында діни білім мектептерде оқытуға тыйым салынды.

Осындай білім саясаты заңсыз қызметтердің жаппай тарлуына алып келді. Мысалы, көптеген секталар, ордендер өздерінің заңсыз діни мектептері, Құран оқыту орталықтары сияқты ұйымдары жағымсыз нәтижелерге алып келді.

XX ғасырдың 40-шы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. 1949 жылы Білім министрлігі бастауыш мектептердің 4 және 5 сыныптарына дін негізін оқытуға рұқсат берді. Сабақтар қосымша түрде, негізгі сабақтар уақытынан тыс уақытта оқытылды.

1956 жылы көппартиялы демократиялық жүйе орнағаннан кейін, орта мектептерге діни білім беруді енгізген жаңа Үкімет келді. 1967 жылы діни білім орта мектептің 1 және 2 сыныптарына енгізілді.

Діни білім берудің дамуының жаңа кезеңі 1980 жылғы әскери төңкерістен кейін конституция негізінде басқарыла бастады. Қазіргі Түркия Республикасының Атазаңының 24 бабында былай делінген: «Әр адам ар бостандығына, сенім және діни көзқарастарының болуына құқылы... Ешбір адам діни рәсімдер мен жораларға қатысуына мәжбүрлі емес, діни сенімі үшін және діни көзқарастары үшін жазаланбауы тиіс. Дін мен этиканы оқыту жіне тәрбиелеу мемлекеттің қарауында. Діни мәдениет пен әдепті оқыту бастауыш және орта мектептерге міндетті пән ретінде оқытылады. Діни тәрбие мен білім алу тұлғаның өз қалауына, ал кәмілет жасқа толмағандардың өкілінің заңды талабына байланысты».

Дін туралы пән ресми түрде «Дін мәдениеті және этика ілімі» деп аталды. Түркияда дін толықтай, сонымен қоса діни білім беру мемлекеттік министрліктің басқарылуында.

Қазір Түркияда діни білім беру бастапқы мектептің 4 сыныбынан басталады да орта мектепке дейін жалғасады; сабақтың уақыты аптасына 2 сағат. Орта мектепте аптасына 1 сағат. Сонымен орта мектепті аяқтаған адам 8 жыл діни білім алған болып есептеледі. Ислам дінін ұстанбайтын оқушылар бұл сабақтарға қатыспауына рұқсат (ол үшін баланың ата-анасы мектептің басшылығына отініш білдіру керек). Барлық мектептерде оқулықтар бірдей емес, себебі Білім министрлігі рұқсат еткен оқулықтармен оқытуға рұқсат етілген [5].

Түркияның діни білім беру жүйесі туралы ашып жазған себебім, біздің Қазақстанымыздың білім беру жүйесінде де осындай өзгерістер болған. Ал қазіргі жағдайына келсек, біз әліде бұл мәселеде ақсандаймыз. Діни білім беру, тәрбиелеу, діни тұрақтылықты орнату, реттеу – барлығы діни саясатты құрайды.

Сараптай келе, Қазақстан діни саясатын Франция сияқты Еуропа мемлекетінен емес, мәдениеті де, территориясы да, дәстүрі де жақын Түркі тілдес мемлекет Түркиядан мысал алғанды жөн деп есептеймін. Бірақ, қазір тәуелсіз мемлекетімізде діни сауат беру мәселесі көтерілуде. Білім және ғылым министрлігі жастар арасындағы діни сауаттылықты арттыру жұмыстарын күшейтпек. Бұл бағытта Оқыту үдерісінің тәрбиелік компонентін күшейту бойынша үлгілік кешенді жоспар қабылданғанын, ол 2013 жылдан бастап іске асырылатын болады және жастардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдаған. Осы жылы Білім министрлігі дінтану пәнін ЖОО-да элективті пән ретінде оқытуға қосты.

Келесі, мектептердегі дінтану сабағын факультативтік емес міндетті пәндер қатарына қосылғаны жөн деп санаймын. Себебі, мектеп білімнің қайнар көзі, тәрбиенің басты ошағы. Жақын болашақта біздің еліміз де діни білім беру ерте жастан оқытылады деген үміттемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – 1-том
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. - 384 бет
3. Ә.Е. Күзембаева. Қазақстандағы діни білім мәселесі. Ақпараттық-сараптамалық шолу / Ред.: философия ғылымдарының докторы, профессор А.П. Әбуов, Астана: Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының баспасы, 2010 ж. – 18 б.

ВЕРА БАХАИ И ПОИСКИ ЕДИНОЙ РЕЛИГИИ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Кишкенова Г.

г. Астана, Казахстан

Глобализация, охватившая на современном этапе все сферы жизни мирового сообщества, имеет не только экономическое, политическое, но и социокультурное измерение, в котором значимую роль играет религиозный компонент в силу возрастания роли религии в жизни человека и общества на современном этапе. Выдвигаются разные проекты возможного духовного единства человечества, мирового этоса, объединения всех религий, экуменические проекты, которые призваны преодолеть конфессиональные различия, границы и объединить человечество. С одной стороны, религии различны по своим догматическим, культовым положениям и создание единой религии является утопическим проектом, как показывает кризис экуменического движения. С другой стороны, в современную эпоху постмодерна, в которую может сочетаться несочетаемое, где имеет место синкретизм и эклектика, в том числе и в религиозной сфере, эти проекты продолжают продвигаться в общественном сознании.

Данные проекты единства религий имеют место в учениях новых религиозных движений, исходя из их особенностей. Во-первых, теологические основы нетрадиционных конфессий характеризуются господством интерпретативного разума, что позволяет интерпретировать священные тексты, вероучительные положения вне контекста и на этой основе совершать переосмысление учения других религий. Во-вторых, исходя из вышесказанного, многие из доктрин